2026 жылғы «28» тамыздағы №1 хаттама
Қостанай облысы әкімдігі білім Басқармасының
«Қостанай қаласы білім бөлімінің
№6 жалпы білім беретін мектебі» КММ
Педагогикалық кеңестің шешімімен
БЕКІТІЛДІ

_____ Т. Кандалина

Мектептің қамқоршылық кеңесімен келісілді
Төрайымы _____ З. Истулина

2026-2027 оқу жылына арналған

Қостанай облысы әкімдігі білім Басқармасының

«Қостанай қаласы білім бөлімінің №6 жалпы білім беретін мектебі» КММ

ішкі тәртіп ережелері

Білім беру ұйымының ішкі тәртіп
ЕРЕЖЕЛЕРІ

1. Жалпы ережелер

1.1. Осы Білім беру ұйымының ішкі тәртіп ережелері (бұдан әрі — Ережелер) оқу-тәрбие процесін ұйымдастыруға, білім беру ұйымының жұмыс режиміне, білім алушылардың, педагогтердің және білім беру ұйымының басқа да қызметкерлерінің, білім алушылардың ата-аналарының немесе өзге де заңды өкілдерінің мінез-құлқына қойылатын негізгі талаптарды, сондай-ақ қауіпсіздікті қамтамасыз ету және тәртіпті сақтау жөніндегі талаптарды белгілейді.

1.2. Осы Ережелер Қазақстан Республикасының білім беру саласындағы заңнамасына, Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту Министрінің 2024 жылғы 28 тамыздағы № 227 бұйрығымен бекітілген Білім беру ұйымдарының үлгілік ішкі тәртіп ережелеріне, Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2016 жылғы 14 қаңтардағы № 26 бұйрығымен бекітілген Орта білім беру ұйымдары үшін міндетті мектеп формасына қойылатын талаптарға, Білім беру ұйымының Жарғысына және Қазақстан Республикасының өзге де нормативтік құқықтық актілеріне сәйкес әзірленді.

1.3. Осы Ережелер білім алушыларға, педагог қызметкерлерге, білім беру ұйымының басқа да қызметкерлеріне, білім алушылардың ата-аналарына немесе өзге де заңды өкілдеріне, сондай-ақ білім беру ұйымының аумағында болуына қатысты бөлігінде келген адамдарға қолданылады.

1.4. Ережелер қауіпсіз, қолайлы білім беру ортасын қамтамасыз етуге, тәртіпті, өзара құрметті, білім беру процесінің барлық қатысушыларының құқықтары мен абыройын қорғауды қолдауға бағытталған.

1.5. Осы Ережелерді орындау білім беру процесінің барлық қатысушылары үшін олардың құқықтары мен міндеттері шегінде міндетті болып табылады.

1.6. Бекітілген Ішкі тәртіп ережелерін орындау барлық қызметкерлер мен білім беру процесінің қатысушылары үшін міндетті.

2. Білім беру ұйымының жұмыс режимі

2.1. Орта білім беру ұйымында 2026–2027 оқу жылындағы оқу жылы 2026 жылғы 1 қыркүйекте басталады және 2027 жылғы 25 мамырда қоса алғанда аяқталады.

2.2. Білім беру ұйымы білім беру процесін екі ауысымда жүзеге асырады.

2.3. Оқу сабақтарының басталуы:
бірінші ауысым — 08:00;
екінші ауысым — 14:00.

2.4. Бірінші ауысымдағы кезекші мұғалім мен кезекші білім алушылардың кіруі сағат 07:30-дан бастап жүзеге асырылады.

2.5. Екінші ауысымдағы білім алушылардың кіруі сағат 13:30-дан бастап жүзеге асырылады.

2.6. Оқыту ауысымдылығы былайша белгіленеді:
Бірінші ауысым: 1, 2, 5, 8, 9, 10 «А», 11 «А» сыныптары.
Екінші ауысым: 3, 4, 6, 7 сыныптар.

2.7. Оқу жылының ұзақтығы:
1-сыныптар үшін — 33 оқу аптасы;
2–11 (12)-сыныптар үшін — 34 оқу аптасы.

2.8. 2026–2027 оқу жылы ішінде мынадай демалыс мерзімдері белгіленеді:
күзгі демалыс — 7 күнтізбелік күн: 2026 жылғы 26 қазаннан 1 қарашаға дейін қоса алғанда;
қысқы демалыс — 14 күнтізбелік күн: 2026 жылғы 28 желтоқсаннан 2027 жылғы 10 қаңтарға дейін қоса алғанда;
көктемгі демалыс — 7 күнтізбелік күн: 2027 жылғы 22 наурыздан 28 наурызға дейін қоса алғанда;
1-сынып білім алушылары үшін ұзақтығы 7 күнтізбелік күн болатын қосымша демалыс белгіленеді: 2027 жылғы 8 ақпаннан 14 ақпанға дейін қоса алғанда.

2.9. Білім беру ұйымында білім беру ұйымының жұмыс режиміне сәйкес 1–11 сынып білім алушылары үшін бес күндік оқу аптасы белгіленеді.

2.10. Оқу сабақтарының кестесі, сабақтар мен үзілістердің ұзақтығы, тамақтану режимі және оқу күні режимінің басқа да элементтері белгіленген тәртіппен бекітіледі және білім беру процесіне қатысушылардың назарына жеткізіледі.

3. Оқу процесін ұйымдастыру

3.1. Оқу сабақтары бекітілген кестеге және оқу күнінің режиміне сәйкес өткізіледі.

3.2. Білім алушылар білім беру ұйымына және оқу сабақтарына уақытылы келуге міндетті.

3.3. Дәлелді себепсіз оқу сабақтарына кешігуге жол берілмейді.

3.4. Дәлелді себеппен оқу сабақтарында болмаған білім алушы білім беру ұйымы белгілеген тәртіппен себебін растайтын ақпаратты ұсынады.

3.5. Оқу процесі кезінде білім беру ұйымынан өз бетінше кетуге жол берілмейді.

3.6. Білім алушының оқу сабағынан шығуына педагог қызметкердің рұқсатымен немесе белгіленген тәртіпте көзделген жағдайларда жол беріледі.

3.7. Білім алушыны оқу сабағынан шеттетуге (шығарып жіберуге) жол берілмейді. Араласуды талап ететін жағдай туындаған кезде педагог қызметкер білім беру ұйымының әкімшілігіне хабарласады.

3.8. Медициналық көрсетілімдері бойынша босатылған білім алушылардың дене шынықтыру сабақтарындаболу тәртібі

Дене шынықтыру сабақтарынан босату туралы дәрігерлік-консультациялық комиссияның (ДКК) қолданыстағы анықтамасы бар білім алушылар тиісті оқу жылына арналған сабақтардың бекітілген кестесіне сәйкес дене шынықтыру сабақтары кезінде мектепте болуға және дене шынықтыру мұғалімінің қарауылдауында болуға міндетті. Аталған білім алушылар медициналық қорытындыда белгіленген мерзім ішінде дене жаттығуларын, практикалық тапсырмаларды орындаудан және дене жүктемесіне қатысудан босатылады. Білім алушылардың сабақта болуы медициналық ұсынымдар мен қауіпсіздік талаптарын сақтай отырып ұйымдастырылады. Білім алушының сабақтан немесе білім беру ұйымынан өз бетінше кетуіне жол берілмейді. Білім алушының дене шынықтыру сабақтары кезінде мектепте міндетті түрде болуы қауіпсіздікті, ұйымдасқан түрде болуды және тиісті педагогикалық бақылауды қамтамасыз ету мақсатында осы Ішкі тәртіп ережелерімен белгіленеді.

4. Білім беру ұйымы қызметкерлерінің міндеттері және кезекшілікті ұйымдастыру

4.1. Білім беру ұйымында қолайлы жұмыс жағдайын қамтамасыз ету, тәртіпті сақтау, еңбекті қорғау мен білім алушылардың өмірі мен денсаулығының қауіпсіздігі талаптарын сақтау, сондай-ақ білім беру ұйымының мүлкін сақтау үшін қызметкерлер мен білім алушылардың кезекшілігі ұйымдастырылады.

4.2. Білім беру ұйымы әкімшілігінің кезекшілігі жүзеге асырылады:
бірінші ауысым — 07:30-дан 13:30-ға дейін;
екінші ауысым — 13:30-дан 19:00-ге дейін,
бекітілген кезекшілік кестесіне сәйкес.

4.3. Білім беру ұйымының қабаттарында сынып жетекшілерінің және оларға бекітілген кезекші сыныптардың кезекшілігі ұйымдастырылады:
бірінші ауысым — 07:30-дан 13:30-ға дейін;
екінші ауысым — 13:30-дан 18:40-қа дейін,
директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары құрастырған және білім беру ұйымының басшысы бекіткен кестеге сәйкес.

4.4. Қабаттардағы кезекшілік кезінде сынып жетекшілері мен мұғалімдер үзіліс кезінде білім алушылар үшін қауіпсіз жағдайларды жасау және сақтау бойынша қажетті шараларды қабылдайды.

4.5. Қабат бойынша кезекші мұғалім міндетті:
оқу күні ішінде барлық үзілістер кезінде бекітілген қабатта болуға;
білім алушылардың мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыруға;
дәліздерде және санитарлық бөлмелерде тазалық пен тәртіптің сақталуын қамтамасыз етуге;
жарақаттанудың және білім алушылардың өмірі мен денсаулығына қауіп төндіретін өзге де жағдайлардың алдын алу шараларын қабылдауға;
білім беру ұйымының әкімшілігіне төтенше, жанжалды және араласуды талап ететін өзге де жағдайлар туралы дереу хабарлауға.

4.6. Кезекші сыныптың міндеттеріне кіреді:
үзіліс кезінде тәртіпті қамтамасыз ету;
бекітілген қабатта тәртіпті сақтау;
үй-жайлардың санитарлық жай-күйін сақтауға көмектесу;
білім беру ұйымының мүлкіне ұқыпты қарау және оның сақталуын қамтамасыз етуге ықпал ету;
кезекші мұғалімге анықталған бұзушылықтар мен қауіпсіздікке қатер төндіретін жағдайлар туралы дереу хабарлау.

4.7. Білім беру ұйымында оқу-тәрбие процесін тиісті деңгейде ұйымдастыруды қамтамасыз ету үшін:
оқу кабинеттерін жинау күн сайын жүргізіледі;
бас тазалау (генеральная уборка) оқу тоқсанының соңғы күні өткізіледі;
сыныпта соңғы сабақты өткізетін мұғалім білім алушыларды киім ілетін орынға (киім ауыстыратын бөлмеге) ұйымдасқан түрде алып барады және білім алушылар білім беру ұйымының ғимаратынан шыққанша сонда болады.

4.8. Білім беру ұйымының қызметкерлері ішкі еңбек тәртібі, еңбекті қорғау, қауіпсіздік техникасы, өрт қауіпсіздігі талаптарын және белгіленген басқа да қауіпсіздік талаптарын мүлтіксіз сақтауға міндетті.

4.9. Жұмыс күні ішінде ішкі еңбек тәртібінің ағымдағы мәселелерін кезекші директордың орынбасары шешеді.

4.10. Білім алушымен немесе ата-аналармен (өзге де заңды өкілдермен) жанжалды жағдай туындаған жағдайда педагог қызметкер оны бейбіт жолмен шешуге қажетті шараларды қабылдайды және бұл туралы білім беру ұйымының әкімшілігіне дереу хабарлайды.

4.11. Білім беру процесін жүзеге асыру барысында білім беру ұйымының қызметкерлеріне білім алушыларға қатысты адамның абыройы мен қадір-қасиетін қорлайтын физикалық, психологиялық немесе өзге де әсер ету түрлерін қолдануға тыйым салынады.

4.12. Оқу сабақтары арасында және үзіліс кезінде педагог қызметкерлер білім алушылардың тәртібі мен мінез-құлқына бақылауды жүзеге асыруға, еңбекті қорғау мен қауіпсіздік техникасы талаптарының, сондай-ақ оқу кабинеттерін желдетудің белгіленген режимінің сақталуын қамтамасыз етуге міндетті.

4.13. Уақытша еңбекке жарамсыздық жағдайында педагог қызметкер білім беру ұйымының әкімшілігіне жұмысқа шығудың мүмкін еместігі туралы уақытылы ескертуге, сондай-ақ жұмысқа шығудың болжамды күнін хабарлауға міндетті.

4.14. Уақытша еңбекке жарамсыздықты растайтын құжат белгіленген тәртіппен қызметкердің жұмысқа шыққан бірінші күні ұсынылады.

4.15. Педагог қызметкер болмаған жағдайда оқу сабақтарын ауыстыру білім беру ұйымы белгілеген тәртіппен жүзеге асырылады.

4.16. Білім беру ұйымы әкімшілігінің рұқсатынсыз педагог қызметкерлер арасындағы алдын ала келісім бойынша оқу сабақтарын ауыстыруды жүзеге асыруға жол берілмейді.

4.17. Педагог қызметкерлер оқу жылы ішінде оқу сабақтары арасында оқу кабинетін қабылдауды және тапсыруды қамтамасыз етеді.

4.18. Оқу кабинеті бекітілген педагог қызметкер оның тиісті жай-күйіне және оған бекітілген мүліктің сақталуына Қазақстан Республикасының заңнамасында және еңбек міндеттерінде белгіленген шектерде жауапты болады.

4.19. Педагог қызметкер, егер білім беру ұйымының жұмыс режимінде және кестесінде өзгеше белгіленбесе, өзінің бірінші оқу сабағы басталардан кемінде 20 минут бұрын жұмыс орнына келуге міндетті.

4.20. Білім беру ұйымының ғимаратында және оның аумағында темекі шегуге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес тыйым салынады.

4.21. Сынып жетекшілері білім алушыларды асханаға алып барады, тамақтану кезінде тәртіптің сақталуын бақылайды және қауіпсіздік талаптары мен мінез-құлық мәдениетінің сақталуын қамтамасыз етеді.

4.22. Бөгде адамдардың білім беру ұйымына кіруі белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады. Келушілер жеке басын куәландыратын құжатты ұсынуға және қажет болған жағдайда күзет бекетінде (вахтада) келушілер журналына тіркелуге міндетті.

4.23. Іс-шаралар, экскурсиялар, жорықтар, жарыстар және басқа да ұйымдастырылған іс-шаралар кезінде білім алушылардың өмірі мен денсаулығы үшін жауапкершілік білім беру ұйымы басшысының тиісті бұйрығымен белгіленген педагог қызметкерлерге жүктеледі.

4.24. Білім алушылардың білім беру ұйымының ғимаратында, оның аумағында болуы кезінде, серуендеу, экскурсиялар, сыныптан тыс және өзге де іс-шаралар кезінде олардың өмірі мен денсаулығын қорғау үшін

жауапкершілікті өздерінің лауазымдық міндеттері шегінде және Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес педагог қызметкерлер мен сынып жетекшілері көтереді.

4.25. Жұмысқа Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда міндетті медициналық тексеруден өткен білім беру ұйымының қызметкерлері жіберіледі.

4.26. Білім беру ұйымы Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген тиісті медициналық және өзге де негіздер мен құжаттар болған кезде білім алушыларды үйде жеке оқытуды жүзеге асырады.

4.27. Түрлі деңгейдегі жарыстарға, конкурстарға, олимпиадаларға, слеттерге және басқа да іс-шараларға қатысатын білім алушылар тиісті өтінімдер, өтінішхаттар және білім беру ұйымы басшысының бұйрығы негізінде қатысуға жіберіледі.

4.28. Білім беру ұйымында тәрбиелік және ұйымдастырушылық жұмыстың мынадай апталық жоспары белгіленеді:
Дүйсенбі — Қазақстан Республикасының Мемлекеттік Әнұранын орындау.
Сейсенбі — сынып сағаттары, жеке қауіпсіздік сабақтары, құқықтық жалпыға бірдей оқу. Үзілістерде — «Оқитын мектеп» іс-шарасы.
Сәрсенбі — ата-аналармен жұмыс; Профилактика кеңесінің отырысы — әр айдың төртінші сәрсенбісінде.
Бейсенбі — құжаттамамен жұмыс.
Жұма — Ұлттық киім күні; педагогикалық ұжым үшін жедел жиналыстар өткізу. Үзілістерде — «Оқитын мектеп» іс-шарасы.
Сенбі — үйірмелердің, спорт секцияларының жұмысы, ата-аналармен жеке жұмыс.

4.29. Тоқсанына бір рет мүдделі тұлғаларды шақырумен Отбасылық тәрбие мектебі шеңберінде сыныптық ата-аналар жиналыстары мен іс-шаралар өткізіледі.

4.30. Оқу күні ішінде білім алушылардың өмірін, денсаулығын және қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін жауапкершілік өздерінің лауазымдық міндеттері шегінде кезекші администраторға және педагог қызметкерлерге жүктеледі.

5. Білім алушылардың құқықтары

Білім алушылардың құқығы бар:

5.1. Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес білім алуға.

5.2. Абыройы мен қадір-қасиетін құрметтеуге.

5.3. Қауіпсіз оқыту жағдайларына.

5.4. Физикалық және психологиялық зорлық-зомбылықтан, буллингтен және қадір-қасиетін қорлаудан қорғалуға.

5.5. Білімі мен оқу жетістіктерін объективті бағалауға.

5.6. Өз құқықтары, міндеттері, оқу нәтижелері және білім беру процесі туралы ақпарат алуға.

5.7. Мектептегі өзін-өзі басқару органдарының қызметіне және білім беру ұйымының іс-шараларына белгіленген тәртіппен қатысуға.

5.8. Белгіленген ережелерге сәйкес білім беру ұйымының кітапханасын, спорттық және өзге де ресурстарын пайдалануға.

5.9. Оқыту, тәрбиелеу және өз құқықтарын қорғау мәселелері бойынша педагог қызметкерлерге және әкімшілікке жүгінуге.

5.10. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген өзге де құқықтарға.

6. Білім алушылардың міндеттері

Білім алушылар міндетті:

6.1. Қазақстан Республикасының заңнамасын, Білім беру ұйымының Жарғысын және осы Ережелерді сақтауға.

6.2. Оқуға адал қарауға және оқу тапсырмаларын орындауға.

6.3. Оқу сабақтарына қатысуға және дәлелді себептерсіз босатпауға.

6.4. Оқу сабақтарына уақытылы келуге.

6.5. Сабақ және үзіліс кезінде тәртіпті сақтауға.

6.6. Басқа білім алушылардың, педагог қызметкерлердің және білім беру ұйымының басқа да қызметкерлерінің абыройын, қадір-қасиетін және құқықтарын құрметтеуге.

6.7. Басқа адамдардың құқықтары мен қадір-қасиетін бұзатын балағаттауларға, қоқан-лоқыларға, физикалық және психологиялық зорлық-зомбылыққа, буллингке, бопсалауға және өзге де әрекеттерге жол бермеуге.

6.8. Білім беру ұйымының мүлкіне және басқа адамдардың жеке мүлкіне ұқыпты қарауға.

6.9. Қауіпсіздік талаптарын, санитарлық және гигиеналық нормаларды сақтауға.

6.10. Білім беру ұйымы белгілеген міндетті мектеп формасына және сырт келбетіне қойылатын талаптарды сақтауға.

6.11. Оқу кабинеттерінде, асханада, кітапханада, спорт залында және білім беру ұйымының басқа да үй-жайларында өзін-өзі ұстау ережелерін сақтауға.

7. Білім алушылардың мектеп формасына және сырт келбетіне қойылатын талаптар

7.1. Білім алушылардың міндетті мектеп формасы Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптарына және білім беру ұйымы белгілеген талаптарға сәйкес келеді.

7.2. Мектеп формасы оқытудың зайырлы сипатына, білім алушылардың жас ерекшеліктеріне және белгіленген іскерлік стильге сәйкес келеді.

7.3. Мектеп формасы күнделікті, мерекелік және спорттық болып бөлінеді.

7.4. Білім беру ұйымында бекітілген талаптарға және белгіленген тәртіппен қабылданған шешімдерге сәйкес мектеп формасы белгіленеді.

7.5. Улдарға арналған мектеп формасы

Мектеп формасына кіреді:
көк (қою көк) пиджак;
жилет;
шалбар;
мерекелік жейде;
күнделікті жейде;
түймелі немесе сыртқы ілгекті (замок) трикотаж кофта/кардиган;
поло жейде немесе тенниска;
қысқы кезеңде — трикотаж жилет және водолазка.

7.6. Ұлдарға арналған шалбар кең пішімді және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы тиіс.

7.7. Қыздарға арналған мектеп формасы

Мектеп формасына кіреді:
көк (қою көк) пиджак;
жилет;
юбка;
шалбар;
классикалық блузка;
түймелі немесе сыртқы ілгекті (замок) трикотаж күрте/кардиган;
поло көйлегі немесе тенниска;
қысқы кезеңде — трикотаж жилет, сарафан және водолазка.

7.8. Қыздарға арналған шалбар кең пішімді және ұзындығы бойынша тобықты жауып тұруы тиіс.

7.9. Мектеп формасына түрлі конфессиялардың діни қатыстылығын көрсететін киім элементтерін енгізуге міндетті мектеп формасына қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес жол берілмейді.

7.10. Білім алушының сырт келбеті ұқыпты, жинақы болуы және белгіленген іскерлік стильге сәйкес келуі тиіс.

7.11. Шашқа қойылатын талаптар

7.11.1. Білім алушының шашы таза және ұқыпты жиналған болуы тиіс.

7.11.2. Ұзын шаш оқу процесіне кедергі келтірмейтіндей және практикалық әрі спорттық сабақтарды орындау кезінде бөгет жасамайтындай етіп жиналуы тиіс.

7.11.3. Шаштың сыртқы түрі іскерлік және ұстамды стиль талаптарына сәйкес келуі тиіс.

7.12. Тырнаққа қойылатын талаптар

7.12.1. Білім алушылардың тырнақтары таза, ұқыпты және гигиена талаптарына сәйкес болуы тиіс.

7.12.2. Іскерлік стильге сәйкес келмейтін шамадан тыс ұзын тырнақтарға, жарқын, шақыратын дизайнға, тырнақтағы ірі сәндік элементтерге және әшекейлерге жол берілмейді.

7.13. Макияжға қойылатын талаптар

7.13.1. Білім алушылардың макияжы ұстамды, ұқыпты және жасына сәйкес болуы тиіс.

7.13.2. Білім алушының іскерлік стиліне сәйкес келмейтін жарқын, шақыратын немесе демонстративті макияжға жол берілмейді.

7.14. Әшекейлерге, пирсингке және аксессуарларға қойылатын талаптар

7.14.1. Білім алушылардың әшекейлері мен аксессуарлары ұқыпты, ұстамды болуы, іскерлік стильге сәйкес келуі және қауіпсіздікке қатер төндірмеуі тиіс.

7.14.2. Чокерлерді, сондай-ақ білім алушылардың сырт келбетіне қойылатын белгіленген талаптарға сәйкес келмейтін өзге де аксессуарларды тағуға жол берілмейді.

7.14.3. Пирсингті және көрінетін пирсингтік әшекейлерді тағуға жол берілмейді.

7.14.4. Іскерлік стильге сәйкес келмейтін немесе қауіпсіздікке қатер төндіретін ірі, массивті және ауыр сырғаларды, сондай-ақ басқа да габаритті әшекейлерді тағуға жол берілмейді.

7.14.5. Дене шынықтыру сабақтары, зертханалық, практикалық және жарақат алу қаупі жоғары басқа да сабақтар кезінде қауіпсіздікке қатер төндіруі мүмкін әшекейлер мен аксессуарлар шешілуі тиіс.

7.15. Шаш үлгісіне, тырнаққа, макияжға, әшекейлерге, пирсингке және аксессуарларға қойылатын нақты талаптар білім беру ұйымының басшысы бекіткен Білім алушылардың сырт келбетіне қойылатын талаптар туралы жеке Ережемен егжей-тегжейлі көрсетілуі мүмкін.

7.16. Ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер білім алушының осы Ережеде және Білім алушылардың сырт келбетіне қойылатын талаптар туралы ережеде белгіленген мектеп формасы мен сырт келбетіне қойылатын талаптарды сақтауын қамтамасыз етеді.

8. Оқу сабақтарындағы өзін-өзі ұстау ережелері

8.1. Оқу сабағы бекітілген кестеге сәйкес басталады және аяқталады.

8.2. Педагог қызметкер оқу кабинетіне кірген кезде білім алушылар онымен амандасады және өз орындарын алады.

8.3. Оқу сабағы кезінде білім алушылар тыныштық пен тәртіпті сақтауға, педагог қызметкерді мұқият тыңдауға және оқу тапсырмаларын орындауға міндетті.

8.4. Оқу сабағын өткізуге кедергі келтіретін сөйлесулерге, ойындарға, бөгде заттарды пайдалануға және өзге де әрекеттерге жол берілмейді.

8.5. Жауап беру немесе педагог қызметкерге жүгіну үшін білім алушы қол көтереді не педагог қызметкер белгілеген тәртіпке сәйкес әрекет етеді.

8.6. Шұғыл жағдайларды қоспағанда, сабақ кезінде оқу кабинетінен шығуға педагог қызметкердің рұқсатымен жол беріледі.

8.7. Оқу жабдықтары, оқу құралдары және білім беру ұйымының мүлкі ұқыпты әрі мақсатына сай пайдаланылады.

8.8. Білім алушылар оқу сабақтарында қауіпсіздік техникасы талаптарын сақтауға міндетті.

9. Үзіліс кезіндегі өзін-өзі ұстау ережелері

9.1. Үзіліс кезінде білім алушылар тәртіпті және кезекші педагог қызметкерлердің талаптарын сақтауға міндетті.

9.2. Үзіліс кезінде мыналарға жол берілмейді:
сатылар мен дәліздерде жүгіруге;
итерісуге және күш қолдануға;
заттарды лақтыруға;
терезе алды тақталарына және сүйеніштерге отыруға;
терезелерді өз бетінше ашуға;

бейпіл және қорлайтын сөздерді қолдануға;
өмірге мен денсаулыққа қауіп төндіретін әрекеттер жасауға;
қоғамдық тәртіпті бұзуға.

9.3. Білім алушыларға оқу күні ішінде білім беру ұйымының аумағынан өз бетінше кетуге тыйым салынады.

10. Мобильді және электрондық құрылғыларды пайдалануға қойылатын талаптар

10.1. Мобильді телефондарды және өзге де электрондық құрылғыларды пайдалану Қазақстан Республикасының заңнамасына және білім беру ұйымының жергілікті актілеріне сәйкес жүзеге асырылады.

10.2. Оқу сабақтары кезінде мобильді құрылғыларды пайдалану білім беру процесіне кедергі келтірмеуі тиіс.

10.3. Бақылау, емтихан және басқа да іс-шараларды өткізу кезінде электрондық құрылғыларды пайдалану белгіленген талаптарға сәйкес жүзеге асырылады.

10.4. Білім беру процесінің басқа қатысушыларын фото-, бейне- және аудиожазбаға түсіру Қазақстан Республикасының заңнамасын және олардың құқықтарын сақтай отырып жүзеге асырылады.

11. Қауіпсіздік талаптары және тыйым салынған заттар

11.1. Білім беру ұйымына Қазақстан Республикасының заңнамасымен тыйым салынған немесе білім беру процесіне қатысушылардың өмірі мен денсаулығына қатер төндіретін заттар мен заттектерді алып келуге тыйым салынады.

11.2. Мыналарды алып өтуге және пайдалануға жол берілмейді:
қаруды және зиян келтіруге арналған өзге де заттарды;
жарылғыш және тез тұтанатын заттарды;
есірткі құралдары мен психотроптық заттарды;
алкоголь өнімдерін;
темекі бұйымдарын және басқа да тыйым салынған құрамында никотині бар бұйымдарды;
токсиндік және басқа да қауіпті заттарды.

11.3. Қауіпсіздікке қатер төндіретін заттар немесе заттектер анықталған кезде білім беру ұйымының қызметкерлері Қазақстан Республикасының заңнамасына және белгіленген қауіпсіздік нұсқаулықтарына сәйкес әрекет етеді.

12. Білім беру ұйымының мүлкіне қарым-қатынас

12.1. Білім алушылар білім беру ұйымының мүлкіне, оқу жабдықтарына, кітаптарға, жиһаздарға, үй-жайларға және жасыл отырғызылатын өсімдіктерге ұқыпты қарауға міндетті.

12.2. Бөгде адамдардың заттарын рұқсатсыз алуға тыйым салынады.

12.3. Табылған заттар сынып жетекшісіне, кезекші администраторға немесе білім беру ұйымының басқа да жауапты қызметкеріне тапсырылады.

12.4. Білім беру ұйымының мүлкіне келтірілген залалды өтеу мәселелері Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес шешіледі.

13. Асханадағы өзін-өзі ұстау ережелері

13.1. Асханада білім алушылар тәртіпті, санитарлық нормаларды және асхана қызметкерлері мен педагог қызметкерлердің талаптарын сақтауға міндетті.

13.2. Тамақтану кезінде мінез-құлық мәдениеті ережелерін сақтау қажет.

13.3. Білім алушылар асхана мүлкіне ұқыпты қарауға міндетті.

13.4. Тамақтанғаннан кейін білім алушы белгіленген тәртіппен артынан ыдысты және тамақ қалдықтарын жинайды.

13.5. Асханаға сыртқы киіммен кіруге жол берілмейді.

14. Кітапхананы пайдалану ережелері

14.1. Кітапхананы пайдалану жұмыс кестесіне және кітапхананы пайдалану ережелеріне сәйкес жүзеге асырылады.

14.2. Білім алушылар оқулықтарға, кітаптарға және басқа да кітапхана материалдарына ұқыпты қарауға міндетті.

14.3. Кітапхана мүлкі жоғалған немесе бүлінген жағдайда оны өтеу мәселесі заңнамада белгіленген тәртіппен шешіледі.

15. Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқықтары мен міндеттері

15.1. Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің құқығы бар:

15.1.1. Баланың оқуы, сабаққа қатысуы және оқу нәтижелері туралы ақпарат алуға.

15.1.2. Жарғымен, осы Ережелермен және білім беру ұйымының өзге де жергілікті актілерімен танысуға.

15.1.3. Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген нысандарда білім беру ұйымын басқаруға қатысуға.

15.1.4. Баланың оқуы мен тәрбиесі мәселелері бойынша педагог қызметкерлерге және әкімшілікке жүгінуге.

15.1.5. Баланың заңды құқықтары мен мүдделерін қорғауға.

15.2. Ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер міндетті:

15.2.1. Баланың оқу сабақтарына қатысуын қамтамасыз етуге.

15.2.2. Баланың осы Ережелерді және білім беру ұйымы Жарғысының талаптарын сақтауын қамтамасыз етуге.

15.2.3. Баланы белгіленген мектеп формасымен, спорттық формамен және қажетті оқу құралдарымен қамтамасыз етуге.

15.2.4. Баланың сырт келбетіне қойылатын белгіленген талаптарды сақтауын қамтамасыз етуге.

15.2.5. Сынып жетекшісіне немесе әкімшілікке баланың болмау себебі туралы уақытылы хабарлауға.

15.2.6. Ата-аналар жиналыстарына қатысуға және педагог қызметкерлердің немесе әкімшіліктің шақыруы бойынша білім беру ұйымына келуге.

15.2.7. Педагог қызметкерлерге, білім алушыларға және білім беру процесінің басқа да қатысушыларына құрметпен қарауға.

15.2.8. Бала келтірген залалды Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген жағдайларда және тәртіппен өтеуге.

16. Келушілердің білім беру ұйымының аумағында болу ережелері

16.1. Білім беру процесіне қатысушылардың қауіпсіздігін қамтамасыз ету мақсатында келушілердің білім беру ұйымына кіруі белгіленген тәртіппен жүзеге асырылады.

16.2. Келушілер жеке басын куәландыратын құжатты ұсынады және қажет болған жағдайда келушілер журналында тіркеледі.

16.3. Ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің білім беру ұйымына келуі белгіленген режимге сәйкес және балаларды оқытумен әрі тәрбиелеумен байланысты мәселелер бойынша жүзеге асырылады.

16.4. Келушілер қауіпсіздік талаптарын және осы Ережелерді сақтауға міндетті.

16.5. Алкогольдік немесе есірткілік мас күйдегі адамдардың білім беру ұйымының аумағында болуына, сондай-ақ тыйым салынған заттар мен заттектерді алып өтуге жол берілмейді.

17. Осы Ережелерді бұзуға әрекет ету тәртібі

17.1. Осы Ережелерді бұзушылық анықталған кезде педагог қызметкер білім алушымен түсіндіру және тәрбие жұмысын жүргізеді.

17.2. Қажет болған жағдайда бұзушылық туралы ақпарат сынып жетекшісіне және білім беру ұйымының әкімшілігіне беріледі.

17.3. Қайталанған немесе жүйелі бұзушылық кезінде ата-аналар немесе өзге де заңды өкілдер жағдай туралы хабардар етіледі.

17.4. Қажет болған жағдайда мәселе білім беру ұйымының тиісті органының отырысында белгіленген тәртіппен қаралады.

17.5. Тәрбиелік ықпал ету шаралары Қазақстан Республикасының заңнамасын, білім алушының құқықтары мен қадір-қасиетін сақтай отырып қолданылады.

17.6. Құқық бұзушылық белгілері бар бұзушылықтар үшін мәселе Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес қаралады.

17.7. Білім алушыларға адамның абыройы мен қадір-қасиетін қорлайтын физикалық немесе психологиялық әсер ету шараларын қолдануға жол берілмейді.

18. Қорытынды ережелер

18.1. Осы Ережелер ұжымның жалпы жиналысында қаралады және білім беру ұйымының басшысымен бекітіледі.

18.2. Бекітілген Ережелер білім беру процесінің барлық қатысушыларының орындауы үшін міндетті.

18.3. Осы Ережелер қызметкерлердің, білім алушылардың және ата-аналардың немесе өзге де заңды өкілдердің назарына жеткізіледі.

18.4. Осы Ережелермен танысу қойылған қолы арқылы жүзеге асырылады.

18.5. Осы Ережелерге өзгерістер мен толықтырулар белгіленген тәртіппен енгізіледі.

18.6. Білім алушылардың сырт келбетіне қойылатын талаптар туралы ереже білім беру ұйымының жергілікті актісі болып табылады және осы Ережелермен бірге қолданылады.